

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 1216 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 147 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 1216 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

«Қазғарыш қызметінің стратегиялық бағыттары, мақсаты мен міндеттері» деген 3-б ө л і м д е :

«Қазғарыш қызметінің стратегиялық бағыттары, қызметін дамытудың стратегиялық мақсаттары және негізгі индикаторлары» деген 1-қосымшада:

«Ғарыштық қызметті институттандыруды қамтамасыз ету» деген 4-стратегиялық б а ғ ы т т а :

«Техникалық регламенттер мен стандарттарды әзірлеу, ғарыштық қызметті техникалық реттеу мәселелері бойынша нормативтік құжаттар қорын құру» деген 4.1.2-м і н д е т т е р :

«2009 жыл» деген бағанда «8» деген сан «15» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бюджеттік шығындар жиынтығы» деген 5-қосымшада «2009 жыл» деген баған мынадай редакцияда жазылсын:

"

2009
6 013 882
1 336 371
4 677 511
424 897
144 897
280 000
6 438 779
1 481 268
4 957 511

»;

«Бюджеттік бағдарламаның нысаны» деген 3-қосымшада:

001 «Ғарыш қызметі саласындағы саясатты қалыптастыру, үйлестіру және бақылау

жөніндегі қызмет көрсетулер» деген бюджеттік бағдарламада:
«2009» деген бағанда:

«Сандық көрсеткіш» деген жолда «90» деген сандар «85» деген сандармен
ауыстырылсын;

«Бағдарламаны іске асыру шығыстары» деген жолда «162 724» деген сандар «160
789» деген сандармен ауыстырылсын;

003 «Қазақстан Республикасының ғарышкерлерін даярлау» деген бюджеттік
бағдарламада:

«Бағдарламаны іске асыру шығыстары» деген жолдың «2009» деген бағанында «16
276» сандар «6 389» сандармен ауыстырылсын;

012 «Байқоңыр» кешеніндегі Ресей Федерациясының жалдауынан шығарылған
объектілерді өңдеп қалпына келтіру, қалдықтарды пайдалану, рұқсат етілмеген
қоқыстарды жою» деген бюджеттік бағдарламада:

«Бағдарламаны іске асыру шығыстары» деген жолдың «2009» деген бағанында «163
724» деген сандар «160 000» деген сандармен ауыстырылсын;

014 «Ғарыш саласындағы техникалық регламенттер мен стандарттарды әзірлеу»
деген бюджеттік бағдарламада:

«2009» деген бағанда:

«Мөлшерлік көрсеткіші» деген жолда «8» деген сан «15» деген сандармен
ауыстырылсын;

«Бағдарламаны іске асыру шығыстары» деген жолда «37 000» деген сандар «16 000
» деген сандармен ауыстырылсын;

015 бюджеттік бағдарламаның орыс тіліндегі мәтініне толықтырулар енгізіледі;

015 «Ресей Федерациясы жалдау құрамына кірмеген және құрамынан шығарылған «
Байқоңыр» кешені объектілерінің сақталуын қамтамасыз ету» деген бюджеттік
бағдарламада:

«Бағдарламаны іске асыру шығыстары» деген жолдың «2009» деген бағанында «98
897» деген сандар «78 897» деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*